



28 шілде, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Сақтыққа сергек болған абзал

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова карантин талаптары мен оны сақтау барысындағы құқық бұзушылықтарға қатысты мәжіліс өткізді. Жында облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Әлия Әбдіқайымова мен облыстық полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы Шамшидин Амитов хабарлама жасап, елдегі 5 шілдеден бастап енгізілген карантиндік шектеулерге қатысты кейбір өзгерістерді талқылады.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Қуаныштысы, облыста соңғы күндері коронавирус індеті және пневмониямен ауырған азаматтардың саны азайған.

— Облыс бойынша соңғы күндері коронавирус індеті және пневмониямен ауырғандар санының төмендеуі байқалады. Қабылданған шаралар нәтижесінде төсек-орындардың, өкпелі жасанды желдету құрылғылары, оттегі концентраторларының саны көбеюде. Дегенмен, босандық болмайды, тұрғындар азаматтық жауапкершілікті берік ұстануы керек. Біз бұған дейін шектеу талаптарын сақталуының қажеттілігі туралы бірнеше рет үндеу жасаған

болатынбыз. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін облыс бойынша жеке тұлғалар және бизнес субъектілері тарапынан карантиндік талаптардың бұзылу фактілері орын алууда. Карантин режиміне қарамастан өңірде көп адам жинап, ас беру, үй жағдайында той, беташар өткізу байқалады. Карантин кезеңінде анықталған құқық бұзушылықтарға тиісті шаралар қабылдау керек. Осыдан екі күн бұрын 25 шілде күні 82 жасында елге белгілі академик Кенжеғали Әбенұлы Сағдиев өмірден озды. Сонда, ағайын-туыстарына соңғы өсиеті — көпшілік бір жерге шоғырланбасын, ау-



руды жұқтыру қаупі болмасын деп қоштасу рәсімін бір жылдан кейін өткізуді тапсырыпты. Халық арасында осындай сана қалыптасуы керек, — деді облыс әкімі.

Рас, бізде әлі тәртіпке бағынғысы жоқ, адам жинап, ас беріп, үл үйлендіріп, қыз ұзатқандардың қарасы баршылық. Облыс әкімі осыны ескерте отырып, мәселелер бо-

йынша жауаптыларға бірқатар тапсырма берді.

— Аймақта криминогендік ахуал тұрақты. Алайда тұрғындар тарапынан карантин талаптарын сақтамайтындар кездеседі. Әсіресе, ұжымдық, отбасылық көпшілік жиналатын іс-шаралар өткізу тоқтамай тұр. Карантин ережелерін бұзу деректерін анықтау мақсатында 24 мобильдік топ жұмыс істеп, қала

көлемінде қоғамдық тәртіпті қадағалауға 56 автопатруль жұмылдырылған. Бұған қоса 10 жаяу бағытта жиырма қызметкер үш ауысыммен жұмыс істейді. Қазір полиция күшімен карантин талаптарын бұзудың 337 дерегі анықталды. Соның ішінде дәрі-дәрмек бағасын негізсіз көтерген 47 жағдай тіркелсе, 15 млн теңгені құрайтын дәрі өнімдерін заңсыз сату фактісі

де анықталды, — деді облыстық полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Шамшидин Амитов.

Сондай-ақ, Амитовты алаңдатқан тағы бір мәселе — карантин уақытында шомылу орындарында суға түсуге тыйым салынғанына қарамастан, тұрғындар тарапынан тәртіп бұзатындар көп. Ескертуді елемей, суға жүзбек болғандардың 8 дерегі анықталса, ең қорқыныштысы — карантин енгізгенде 20 адам суға кетсе, оның сегізі көмектел жасына толмаған.

Бұған қоса ата-ана қарауынсыз түнде жүрген 123 жасөспірім рейд барысында анықталған. Ал соңғы үш күнде ойын алаңдарында, көпқабатты үйлер ауласында ересектердің қарауынсыз қалған 20 бұлдіршін ата-аналарына табысталыпты.

Сондай-ақ, мобильдік топтар карантиндік режимді бұзу жөнінде 228 дерек анықтап, оларды аумақтық санитарлық дәрігерлерге жолдаған. Полиция қызметкерлерінен бөлек, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті 920 нысанды тексеріп, 44 әкімшілік хаттама толтырыпты.

Оларға 1 833 480 теңге айыппұл салынған. Ең көп айыппұл арқа-лағандар Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданында.

Өңір басшысы ескерткендей, аймақтағы эпидемиологиялық ахуал біршама жақсарса да, қоғамдық орындарда, азаматтар көп шоғырланатын жерлерде міндетті түрде медициналық бетперде тағып, қарапайым гигиеналық нормаларға жіті мән берілу керек.

Бұдан өзге, облыс әкімі облыстық полиция департаменті басшылығына жасөспірімдер қылмысы, оларға қатысты құқық бұзушылықтар, шомылу кезіндегі жазатайым оқиғалар және тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне баса назар аударуды тапсырды. Ал, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментіне карантиндік режимде құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлілерді міндетті түрде жауапкершілікке тарту керектігін қадап ескерті. Тұрғындар тарапынан карантин талаптарын бұзудың алдын алу және анықтау мәселелері бойынша полиция органдарымен өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді.

Атакәсіп жанданып келеді

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сәйітбек Нұрымбетовты қабылдады. Кездесуде басқарма басшысы мал шаруашылығы саласында атқарылған істерді баяндап, мемлекеттік қолдаулар мен алдағы бірқатар жұмыс жоспарын да тілге тиек етті.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Сыр бойындағы атакәсіпті ардақтап, төрт түлікті түлетушілердің қатары көбейген. Мемлекеттік бағдарламалар арқасында кәсіпін кеңейтіп отырған азаматтар да жетерлік. Үкімет қолдауымен инвестициялық жобаларды жеңілдетілген несиелендіру бойынша осы саланың өсу динамикасы қалыптасып, мал басы мен өндірілген өнім жылма-жыл ұлғайып келеді. Мысалы, өткен жылы облыста ауыл шаруашылығы саласында 128 млрд теңгеден астам өнім өндірілсе, соның 45 млрд теңгесі мал шаруашылығының үлесінде.

— Биылдың өзінде облыста мал шаруашылығы саласының жалпы ішкі өнімі 23 млрд теңгеден астам қаржыны құрап, былтырғымен салыстырғанда 2,2 процентке өсті. Осы саланы қолдау мақсатында биыл облыстық бюджеттен 2,4 млрд теңге бөлінді. Бүгінге дейін 1 жарым млрд теңге субсидиялау қаржысы 625 шаруашылыққа төленді, — деді басқарма басшысы С.Нұрымбетов.

Айта кетсек, биыл «Сыбаға» бағдарламасымен өңірге 288 бас асылтұқымды мүйізді ірі қара әкелінді. Оның ішінде 80 бас малды жеке кәсіпкер «Қуанышбаева» алса, 128-і — «Парадиз», 80-і «Ерасыл» шаруашылықтарына берілді. Сонымен қатар 6105 бас отандық қой тұқымын сатып алу бағытында жұмыстар жүргізілуде.



Кездесуде көтерілген мәселенің бірі — жайылымдық жерлерді суландыру. Төрт түлікті түлетем деушілерге жайылымдық жер тапшылығын болдырмау, оны суландыру мен құдық қазу сияқты малшы қауымға қажет дүниелер ұдайы назарда болуы тиіс.

— Суландыруға қатысты осы кезге дейін 463 құдық қазылған. Оған 1 млрд теңгеге жуық субсидия төленді. Соның арқасында

80 мың гектарға дейін жайылымдық жер ашылды. Биыл 61 құдық қазылып, субсидиясы төленді. 8 мың гектардай жер тағы айналымға енгізілді. Ауыл арасындағы құдықтарды ғана емес, елді мекендерден тыс алыста жатқан бұрынғы құдық іздерін тауып, соны аршысақ, мал өрісі кеңейетіні — даусыз нәрсе. Елге жақын жайылымдық жерлер тозбас үшін әр аудандағы бұрыннан қалған 2 мыңнан астам көне құдықты тазалау жұмыстары қолға алынбақ. Аудандық әкімдіктермен бірлесіп, осы мәселеге қатысты қаржы көздерін шешуге көмектесетін боламыз, — деді басқарма басшысы.

Облыс әкімі басқарма басшысына ауыл шаруашылығы ішіндегі төрт түлік санын арттыру, сала бойынша бекітілген индикативтік жоспарларды жыл аяғына дейін орындап, облысқа бөлінген субсидияларды толық игеруді тапсырды.

Тағы бір айта кететін жайт, облыс тұрғындарының экологиялық таза, сапалы мал шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында 3 ірі жоба қолға алынғаны белгілі. Оның бірі — Қызылорда қаласындағы «Сыр Маржаны» ЖШС базасынан халықаралық стандартқа сай, қуаттылығы жылына 5 мың тонна етті терең өңдеп, вакуумдық қаптамада нарыққа шығаратын ет комбинаты. Екінші жоба Шиелідегі «СырАгро и К» ЖШС-ның 1200 бас сиырға арналған, тәулігіне 24 тонна сүт өңдейтін зауытпен қамтылған тауарлы-сүт фермасының құрылысы болса, үшіншісі — Қармакшы жеріндегі қуаттылығы жылына 1500 тонна құс етін өндіретін «Қармакшы құс» ЖШС-ның ет бағытындағы құс фабрикасы. Бұл үшеуі де келер жылы қолданысқа беріледі деп күтілуде.

Басты талап — сұранысқа сай сапа

Әлемді шарлаған пандемия мен карантинге қарамастан, Қызылорда қаласында жол жөндеуі, құрылыс қарқын алды. Биыл жаңбыр жауса, жүру мұң болатын жолдың бірқатары тақтайдай тегіс көшеге айналмақ. Демек, карантин тұрғындардың қуанышына кедергі бола алмайды. Кеше ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы мен қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жол жөндеу және нысандарды қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.



Жуырда Қызылорда ауылдық округіне қарасты 2500 шақырымдық Қараөзек-1 көшесі асфальтталып, ауылға кіреберіс жолдың жағдайы түзелмек. Осыдан отыз жылдай уақыт бұрын салынған жолдың ажары кетіп, тозығы жеткені рас еді. Шаны бұрқырап, ой-шұңқыры көбейген көше тұрғындардың басты бұйымтайына айналған

болатын. «РБ-Строй» ЖШС атқаратын бұл жұмыстар жуық арада аяқталмақ, ең бастысы осы жоба аясында 21 адам жұмыспен қамтылды. Бұл ауылдағы орталық екі көшенің бірі болса, бірі өткен жылы асфальтталған. Мұнда ауыл тұрғындарының жолға қатысты бірқатар мәселесінің түйіні тарқағанын байқадық. Иә, ауылдық округте

мұнан өзге Ж.Жабаев көшесіне жол жөндеу жұмыстары басталып, қиыршық та төселуде, ал Ш.Ибраева және Айнақол-2 көшелеріне жарық бағаналарын орнату жұмыстары аяқталды. Алдағы уақытта жергілікті бюджет есебінен Е.Дауғбаев, С.Бейфуллин көшелері де орташа жөндеуден өткізілмек.

2-бет

Коммуналдық қызмет: ілгерілеу іркілмеуі тиіс

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен 2020-2021 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы жөнінде және коммуналдық тарифтердің қазіргі жағдайы туралы жиын өтті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Басқосуда Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қыдыркул Құдабекова, табиғи монополияларды реттеу департаментінің басшысы Гүлмира Өтегенова, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Мұхитжан Кәрімбаев, «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК директоры Руслан Нұрмағанбетов, «Қызылорда су жүйесі» МКК директоры Марат Жамиев және «Энергосервис» ЕЖШС директоры Еркебұлан Есенбаев есеп берді.

Табиғи монополияларды

реттеу департаментінің басшысы Г.Өтегенованың айтуынша, жыл басынан бері коммуналдық төлемдерге деген тариф өспеген. Керісінше кей бағыттарда тарифтердің төмендегені байқалады. Мысалы, сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтер қосымша күн салығымен бірге текше метр үшін 45,61 теңге. Бұл — республиканың өзге аймақтарымен салыстырғанда ең төменгі көрсеткіш. Сондай-ақ су тарту тарифі республикадағы орта көрсеткіштен төмен, 48,8%. Дәл осындай көрсеткіш халыққа берілетін жылу тарифінде де байқалады. Көрсеткіш — 48,38%.

Жиында алдағы қысқы жылу беру маусымына дайын-

дық барысы да пысықталды. Жұмыс бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен, газбен және сумен қамтамасыз ететін коммуналдық кәсіпорындардың жөндеу жұмыстары жоспармен жүзеге асырылып келеді.

Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлердің дайындығы жоспардағыдай. Облыс әкімі жиналға қатысушыларға мәселені жіті назарда ұстау керектігін тапсырды. Сондай-ақ халыққа қолайсыздық тудырмай, қаладағы жылу құбыры магистралінің жөндеу жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауды жүктеді.

Облыс бойынша 1185 әлеуметтік сала нысанына алдағы жылу беру маусымына 39,5 мың тонна қатты отын және 26 мың тонна сұйық отын қажет. Бүгінгі таңда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандары мен автоном-

ды қазандықтардың жөндеу жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда.

Сондай-ақ жергілікті тұрғындарға 163,6 мың тонна көмір отыны қажет. Бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында көмір өндіретін кәсіпорындармен тікелей келісім-шарт жасау жұмыстары атқарылуда.

«Нұрлы жер», «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламаларымен инженерлік желілерге қайта жаңғырту және көпқабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары да жүргізілуде.

Жиын соңында облыс әкімі жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуін қатаң бақылауға алуды және тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеу әрі реттелетін коммуналдық қызметтерге тариф белгілеудің ашықтығын қамтамасыз етуді тапсырды.

«СБ» ақпарат

● КӘСІП

Еңбекке жұмылған еңсесін тіктейді



Карантин ауылдағы кәсіпке жол ашып тұр. Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында үш жігіт бірігіп, шлакоблок құятын цех ашты. Ауыл азаматтары бүгінде 10 мың дана шлакоблок өткізіп үлгерген.

— Еділ, Самұрат есімді екі құрдасыммен бірлесіп аштық. Жұмыс өнімділігіне лайықта-

лып, қолдан жасалған аппарат сатып алдық. Ұзын саны 1 млн 200 мың теңгенің шамасын-

да қаражат жұмсалды. Ауылда бұрынғы жем шығаратын зауыт ғимаратын жалға алып отырмыз. Жоғары кернеулі электр желісіне қосылғанбыз. Қазір қызыл және көк түсті шлакоблок құйыламыз. Бағасы — 180-185 теңге. Жеткізіп беруге де мүмкіндіктер қарастырылған, — дейді Қуаныш Қожахметов.

Құрылыста ғимаратты тез әрі тиімді тұрғызу үшін жасалған мұндай өнімдерге қазір сұраныс жоғары. Карантин уақытында ел ішінде кәсіп ашып, жұмыс бастап кетуге жағдай жасалған дейді олар.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

Жалағаш ауданы



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ҚАЙРУЛЛАЕВ АЙДЫН БӨКЕНБАЙҰЛЫ



СІЗДЕРДІҢ СЕНІМДЕРІҢІЗ – МАҒАН АМАНАТ!

Қайруллаев Айдын Бөкенбайұлы Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ. 1981 жылы Қызылорда облысы Шиел ауданында дүниеге келген.

Қорыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін 2002 жылы журналист, 2008 жылы заңгер мамандықтары бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын 2001 жылы Қызылорда облыстық телеарнасында редактор болып бастаған. 2001-2002 жылдары «Сета» радиосының болып бас редакторы, 2002-2003 жылдары Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының жетекшісі маманы, 2003-2004 жылдары Қызылорда облысы бойынша ақпарат басқармасының жетекшісі маманы, 2004-2005 жылдары ҚР Ақпарат министрлігі Бұқаралық ақпарат құралдары департаментінің жетекшісі маманы, бас маманы болып қызмет атқарды.

2005-2008 жылдары Қызылорда облысы әкімінің

кеңесшісі-баспасөз хатшысы, көмекшісі, 2008-2012 жылдары Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары, 2012-2013 жылдары қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы, 2013-2014 жылдары қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, 2014-2015 жылдары облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары болды.

2015-2016 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары.

2016-2018 жылдары Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының басшысы қызметінде болған. Осы жылдар аралығында облыстық қоғамдық кеңес мүшесі.

2018 жылдың 18 мамырынан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры.

Отбасылы, екі бала тәрбиелен отыр.

СЕНАТ ДЕПУТАТЫНА ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

Құрметті жерлестер!

Түгін-өскен Сыр өңірінің атынан Сенат депутатына өз кандидатурамады ұсынуға жөн көрдім.

Білім мен өмірлік тәжірибем, күш-жігерім жауапкершілігі мен аманаты көп жұмысты жасауға жеткілікті деп ойлаймын.

Елбасының және Мемлекет басшысының саясатын толық қолдап, еліміздің даму стратегиясы мен Ұлт жоспарын, сонымен қатар мемлекеттік бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, Сенат депутаттығына сайлансам, келесі бағыттар бойынша міндеттерді орындауға күш жинайтын боламын.

ЭКОНОМИКА – ЕЛ ТІРПЕГІ

Қызылорда облысы – аграрлы-индустриалдык аймақ. Дегенмен, соңғы жылдары мұнай қорының сарқалуы өңір экономикасына теріс әсер етуде. Осы бағытта:

- аймақтың макроэкономикалық, қаржылық және әлеуметтік тұрақтылығы сақтауға бағытталған кешенді шаралардың қабылдануына ықпал жасау;
- жаңа мұнай кеніштерін анықтауға бағытталған геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге тиісті орталық атқарушы және жергілікті органдармен бірлесіп республикалық бюджеттен инвестиция тарту;
- мұнайға тәуелділіктен арлу үшін экономиканы аграрландыру бағытында өңдеу өнеркәсібін дамытуға қолдау көрсету;
- агроөнеркәсіп кешінеіне бөлінетін суб-сидия саясатының кемінде 5 жылға тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында агроөнеркәсіп кешінендігі өндіріс пен өңдеуге бағытталған жолаулары іске асыру;

- нарыққа неғұрлым қажетті өнім түрлеріне назар аудары отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін ұлғайту, әртараптанулару;

- өңделген қазақстандық өнімдердің экспортына жағдай жасайтын және қорғайтын тетіктер қарастыру қажет.

Экономиканың, жалпы қоғамның дамуын те-жіріп бірден-бір фактор – бұл сыйлапсыз жемқорлық. Осы тұрғыда сыйбалас жемқорлық, жең ұшынан жапсау деген синкти қоғамда бәсен алып тұрған өзекті мәселелердің түбегейлі жоюға ықпал ететін заңдарды қабылдауға атсалысыам.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС – ЭКОНОМИКАНЫҢ БЕІ ОМЫРТАҚСЫ

Пандемия бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығын көрсетті. Халықтың әл-ауақатын көтеру және кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет тарапынан мынадай қолдау шараларының жүргізілуіне ықпал етемін:

- мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бизнес үшін жеңілдетілген несиелерді қолжетімділігін арттыру;

- кәсіпін ауыру үшін көтермелеу ретінде жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жастар, мүгедектерге аз пайыздық мөлшерменмен микрокредит беру және көлемін ұлғайту;

- жеңілдетілген және бәсекелестікті дамыту арқылы мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту;

- мемлекеттік сатып алуларда жергілікті қамту үлесін ұлғайту, жергілікті өндірушілердің тауарла-рын сатып алу қамтамасыз ету;

- тұрғындардың құнасілкті тұтынытын тауарлармен қамтамасыз ету мақсатында «қарапайым заттар эконо-микасы» одан әрі дамыту;

- бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою, оның ішінде рұқсат беру рәсімдерін цифрландыру;

- бизнес үшін бос жер учаксерлерін ашықтығын және айналымға енгізілуін қамтамасыз ету мақсатында біртұтас геопортал құру;

- өнімдерін өндірушілердің тауарлары мен өнімдерін сату бағытында нақты мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру;

- салықтық әкімшілік етуді оңтайландыру және ашықтығын арттыру;

- пайдаланымай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекетке қайтарып, жұмыс жасауға ниетті

ауыл тұрғындарына беру.

Осы шаралар сыр өңірінің ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын алуға ықпал етері сөзсіз.

ЦИФРЛАНДЫРУ – ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифр-ландыру дегеніміз бір ғана саланы немесе бір бағытты дамыту емес, оның ең алдымен, экономиканың, өнеркәсіптің және қоғамның дамуына түбегейлі өзге-рістер ежелуі қажеттігін баса айтты.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған за-манда мемлекеттік цифрлық қылметтер жас келген қарайлым адамға түсінікті және қолжетімді болуы тиіс.

Мен өзім осы салада жұмыс жасап жүргендіктен мынадай мәселелерді шешуге күш саламын:

- «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер» секілді жаңа жобаларды іске асыру;
- цифрлық құжаттардың қағаз құжаттармен бірдей қолдануын енгізу;
- дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында заңнамаларға өзгерістер енгізу;
- мемлекеттік цифрландыру бағдарламасын қайта қарап, халықтың ақпаратқа, жүйеге қолжетімділігін, тез әрі оңай қызмет алу жолдарын қарастыру;
- мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру;
- қала мен ауыл арасындағы ақпараттық теңсіздікті жою, барлық елді мекенді кен жолатқы ин-тернетпен қамтамасыз ету.

АДАМ КАПИТАЛЫ – ЕЕІ БАСЫН ҰЛТТЫҚ РЕСУРС

Қазақстанның дамуы адам капиталына инвести-ция құюмен тікелей байланысты. Оның ішінде бәсеке-ге қабілетті білім беру жүйесін құру арқылы адам ка-піталын дамытуға қол жеткіземіз.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Қарқынды технологиялық өзгерістер нәтижесінде болашақ мамандықтары пайда болды. Сол себепті қазіргі заманғы мамандықтардың басым көпшілігі болғанға өзектілігін жоғалтып, сұранысқа ие болмай қалды.

Сондықтан, жаңа заман талабына сәйкес мамандықтарды ашу, оқыту;

- жастарға сапалы білім беру, кәсіптік және шығармашылық тұрғыдан дамуы үшін жағдай жасап, мүмкіндіктер туғызуды жастарды бейімдеу;

- пандемия кезіндегі қашымдықтан оқыту бары-сында көптеген проблемалға кезіктік. Білім беру са-ласына қашымдықтан оқытуға дайын болмады. Оңайын сабақ беру бағдарламасы адрас жұмыс жасамады. Ата-аналарын арасында интернетке, ақпараттық құрылғыларға қолжетімсіздігі орын алды. Міне, осы проблемаларды кешенді шешуіміз қажет.

Қоронавирус, шешемнің ауруымен ауырып азаматтарды денсаулығын қайта қалпына келтіру, иңдетін адыл алу шараларын күшейту, дәрі-дәрмекке, емдеу орындарына қажеттілікті адыл ала болмау арқылы дайын болу қажеттілікті жіберілген кемшіліктерден алағ сабақ болды. Осы тұрғыда да жұмыс істейтін ауқымды істер бар. Әсіресе, дәрігер мамандығының тапшылығы, ауылдарды дәрігермен қамтамасыз ету, оларға «Жастар – ауылға» бағдарламасы арқылы тұрғын үй беру мәселесі күн тәртібін түсіген абзал.

Осы тұрғыда денсаулық сақтау ісінің инфра-құрылымын дамыту;

- тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы меди-цинаға қолжетімді болу;

- қоніктік медицина дамытылып, қашымдықтан диагностикалау мен емделуді заманауи әдістерін енгізу;

- дәрі-дәрмектің қажетті көлемде болуын қада-ғалау және олардың бағасын реттеу;

- еңбекке мөлшері қазақстандық дәрігерлердің дайлықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету бағы-тында мемлекеттік қолдауды күшейтуге ықпал етемін.

Өнемізді қорғанушылық пандемия салдарынан халық, барлық сала қиындық көруде. Табыстарынан,

кіріс көздерінен айырылды. Жұмыссыздық көбейді. Жаңа жұмыс орындарын ашу, дағдарысқа бейімдеу, қашымдыққа жұмыс істеу жолдарын қарастыру және тағы да басқа жұмыстарды жергілікті атқарушы орган-дармен бірлесіп шешетін боламыз.

Үкіметпен және әкімдермен бірге аз қамтылған қонбалды отбасыларын, мүмкіндігі шектеулі жанларға көмек көрсетудің әртүрлі тетіктерін қарастыратын боламыз.

Спорт, мәдениет салаларын дамыту, өзекті мәсе-лелерін шешу күн тәртібін түсіпейтін болды.

ҚОРШАҒАН ОРТА – АМАНАТ

Арал өңірі экологиялық апат аймағына жататындықтан қоршаған ортаны қорғау – өзекті мәселелердің бірі. Осы бағытта:

- «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізіін сақтау» жобасының екінші кешенін жүзеге асырылуына ұйытқы болу;

- көлдерді суландыру, аймаққа қосымша су қоймаларын салудың маңыздылығын дәлелден, қаржы бөліруге ықпал жасау;

- Сырдария өзеніндегі егін шаруашылығына қажетті су мәселесін реттеу бойынша мемлекетарлық келісімдерді орындауына ықпал жасау;

- «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұытты отын пайдаланатын «Протон» зымаранының орнына экологиялық тұрғыда таза отынмен тасымалданушы-ларды ұшыруды талап ету;

- елді мекендерді көгалдандыруға, жасыл желек белдеулерін қайта бағытталған жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында қоғамдық бақылау орнату;

- қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойы-нына шараларын қабылдануына күш саламын.

ЖЕРГІЛІКІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖЕРГІЛІКІ ЖЕРДЕ ШЕШІЛУ ТИІС

- «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде азаматтарды нешімдер қабылдау және оларды іске асыру процесіне тартудың нақты тетігі ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытуға бағытталған пәрменді шаралар қабылдау;

- жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органы болып табылатын мәслихаттардың өкілеттіліктерін күшейту және бюджет қаражаты жұмсалыуына бақылау жасау құқыретін нығайту, депутаттардың мәртебесін көтеру;

- жергілікті бюджетті қалыптастыруға, елді ме-кендерде бюджет қаражаты есебінен іске асырыла-тын жобаларды жоспарлауға және жүргізіліп жатқан жұмыстарды бақылауға жергілікті қоғамдастық, азаматтық қоғам өкілдерін тарту;

- салықтық базаны кеңейтуді ынталандыру мақсатында жергілікті дамуың негізгі көзі болып табылатын бюджетаралық қатынастар жүйесін қайта қарастыру арқылы жергілікті мәселелерді жергілікті жерде шешу.

«Естітін мемлекетте» әрбір қарапайым тұрғынын мәселесі естілуі, ескерілуі керек.

Қазіргі жерлестер!

Осы сайлауалды бағдарламамдағы міндеттерді іске асыруға барлық білімдімі, тәжірибемді, күш-жігерімді жұмсаймын.

Атадан бағдарламамын толықтай орындауым арқылы елге қызмет етіп, ұлттық санамы өзгертіп, отаншылдық сезімді арттырып, ел бірлігін нығайтып, Тәуелсіздігіміздізді тұрғын бірге нықтай отырып, Қазақстанды өркендетіп елдер саясатына көтеріп, Мәңгілік Елді айналымдауа күш саламын!

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өз жетістік-тері әрбір азамат өзі сезінуі қажет.

Басты мақсатым – Сыр өңірін ел өміріндегі елеулі өзгерістердің адымын шебіне шығарып, аймақтың да-муына өз үлесімді қосу.

Бірікп пен берекесін, ынтымақ пен ырыстын ота-ны – Сыр елінің жарқын болашағы үшін айыбай еңбек етемін!

Сіздердің сенімдеріңіз – маған аманат!

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат СӘРСЕНБАЕВ МҰРАТ АБАЙҰЛЫ

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ӘЛ-АУКАТЫН АРТТЫРУ!



Сәрсенбаев Мұрат Абайұлы Қазақстан Республика-сының азаматы, ұлты қазақ.

1970 жылы 18 мамырда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында қарапайым отбасында дүниеге кел-ген.

Әкесі – Сәрсенбаев Абай Сәрсенбайұлы еңбек жолын жүргізушіліктен бастап бас механикке дейін жоғарылап, еңбек еткен, анасы – Айғановна Палмаш №253 мектепте ұстаздық еткен.

1976 жылы Қызылорда қаласындағы №253 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына барып, 1985 жылы бітірген.

1985 жылы Қызылорда аграрлық-техникалық кол-леджине оқуға түседі. Бір жылдан кейін оқуды шығып, сауда басатында 16 жасынан еңбек ете бастайды. Жұмыс істеп жүріп кешкі мектепті тәмамдайды.

1989 жылы Украина елінде тапк полкінде оқып, әскери қызметін одан әрі Свердловск қаласында жоғары әскери-артиллерия училищесінде оқу процесінің батальо-нында жалғастырып, 1991 жылы елге оралған.

1991 жылы Қызылорда облыстық тұтынушылар одағының сауда бөлісінде қойма меңгерушісінің көмек-шісі болып қызмет атқарды.

1991 жылы Қызылорда қаласындағы кооперативтік техниккумаға түсіп, оны 1994 жылы бітіріп, бухгалтер

мамандығын алды.

2016 жылы «Болашақ» университетінде «Есеп және аудит» мамандығы бойынша екінші дәрежелі білімін жағастырды.

1994-1997 жылдары Қызылорда қаласындағы өрт сөндіру басқармасы өрттен қорғау қорында бас есепші болып қызмет атқарды.

1997 жылы және кәсіпкерлікке бет бұрып, 2016 жылға дейін «Абал және К» ТС директорының орынбасары бол-ды. 2016 жылы «Абал және К» ТС директорылық қызмет атқарды.

2016 жылдан бастап бауырларымен бірігіп, «Абай Дәулет» ЖШС-и құрды.

2017 жылдан бастап «Абай Дәулет» ЖШС директо-ры болып қызмет атқарды. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.Ұлы, қызы және немересі бар.

1. 2005 жылы АҚШ-тың Арканзас қаласында сауда миссиясын аяқтағанынан кейін Арканзас штаты губерниато-рынан осы штаттың құрметті азамат куәлігін алған.

2. Назарбаев Университетінде Герцог Универ-ситетімен бірлесіп, «Бизнесстің жол картасы-2020» Қа-зақстандық өнiрлiк бағдарламасының шеңберінде Орта және шағын бизнеске әкімшілік дамыту бағдарламасын тапсыру туралы куәлігі бар.

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАРЫ МЕН ҚҰРМЕТТІ АТАҚТАРЫ:

• Қайырымдылық шараларына және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосқаны үшін «Үздік демеуші» номинациясын иеленіп, арнайы ди-пломмен марапатталды, Қызылорда облысы, 2018 жыл.

• I дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды, Қызылорда облы-сы, 25.10.2018 жыл.

• Қазақстандағы сауда кәсіпорындарының «Best Trade-2017» рес-публикалық байқауында «Жылдың үздік қоймбасының» номинациясы бой-ынша I дәрежелі дипломы иеленді. Атырау қаласы, 2017 жыл.

• Жылдың Агрофирмасы «Халықтың сүйіктісі» Ұлттық сыйлығының ла-уреаты» болды, Астана, 2019 жыл.

• 2019 жылы «100 жылдық сапа» «НаПЭКС» АО Дүниежүзілік сапа күнін мерекелеуге орай диплом қызметін жетілдірудегі жетістіктері үшін және Сапа идеяларының дамуына қосқан үлесі үшін «Сапа қоймбасысы-2019» номинациясын иеленді.

• 2019 жылы Қайырымдылық жасаушылар мен меценаттардың ІІІ облыстық форумында «Жылдың қайырымды адамы» номинациясы бойынша дипломмен марапатталды, Қызылорда, 2019 жыл.

• Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы Мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы

СЕНАТ ДЕПУТАТЫНА ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

• Қазақстан Республикасы Президентінің жайы сайынғы Жолдауларын орындау;

• «Агроөнеркәсіптік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Ол үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсастау кластерлік ұстаным қалыптастырып, оны одан әрі дамы-ту;

• Ауыл еңбеккерлерін несие жеңе лиз-зінг арқылы техникалармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, ауылдық жерлердегі орта және шағын бизнес субъектілерін несиелендіруге айрықшы назар аудару, жер итеру мен өнімдерді күтіп-баптау, жиілеу мақсатындағы техникалық қызмет көрсету (МТС секілді) жүйесін қалыптастыруға ықпал ету;

• Республикамыздың экономикасын да-мытуға үлес қосу үшін аймақтағы шаруашы-лықтардың әлеуетін көтеріп, тиесілі жерлерін тиімді пайдалану, ұсақ шаруа қожалықтарын ірі шаруашылықтар төңірегіне топтастыру саясатын жүргізуге ықпал ету.

• Республикамыздың мал шаруашылығын дамыту мақсатында шаруалардың несие ре-сурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

• Халықтың әлеуметтік осал топтары – қарттар, мүгедектер, зейнеткерлер қонбалды отбасыларына тұрақты көмек, қолдау көрсетіп отыру;

• Республикамызға көшіп келген қан-дастарымыздың әлеуметтік жағдайын жақ-сартуға: азаматтық құқықтарын алуға, құқат-тарын реттеуге, жұмыспен қамтылуына ықпал ету;

• Жалпыға бірдей орта білім беру тұжы-рымдамасын нығайтуға, ауылдық елді мекен-дерде заманауи мектеп салуға жұмыс істеу.

• Елді мекендердегі білім беру, мек-тепке дейінгі мекемелердің материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жақсартуға атсалысу. Оқушылар мен білім-герлерді тасымалдау үшін автобуспен қамтуға ықпал ету;

• Азық-түлік, әсіресе, нан өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға атсалысу;

• Аграрлық секторда мемлекеттік қолдау көрсету мен ауылды жаңғырту, сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруашылықтарды ірілендіруге ықпал ету;

• Ауыл шаруашылығын дамыту мәселе-

достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапаттал-ды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 29 қараша.

• Рухани жаңғыру бағдарламасы ая



Кез келген ел экономикасы үшін әртараптыңдыру, жұмыспен қамту, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ халық үшін тауарлар мен қызметтер өндірісінің басты факторы – шағын және орта бизнесті дамыту екендігі белгілі.

Шағын және орта бизнес: ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШІ ҚАНДАЙ?

Өткен жылдың қорытындысымен шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 2,3 пайызға, өнім көлемі 4,7 пайызға, бюджетке түскен салық көлемі 11 пайызға ұлғайды.

Қазіргі ағымдағы қалыптасқан экономикалық жағдай (төтенше жағдай кезеңі) «шағын және орта бизнесті» одан әрі жеделдетіп дамыту қажеттілігін тағы да растады. Себебі, шағын және орта бизнес бүгінде ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік, қызметтер мен өңдеуші өнеркәсіп сияқты экономиканың базалық салаларында толыққанды мүше болып табылады.

Дегенмен, пандемияға байланысты төтенше жағдай кезінде облыс бойынша халықтың бірінші кезектегі қажеттілігін қамтамасыз ететін шағын және орта бизнес субъектілерінің тек 25 пайызы жұмыс жасайды. Онда 95 мыңға жуық жұмыс күшінің тең жартысы еңбек етіп, қалған бөлігі жұмыссыздар қатарында болды.

Осындай жағдайда шағын және орта бизнесті қолдау өзекті болып отыр. Үкімет кәсіпкерлікті дамыту, бизнес ахуалды жақсарту бағытында түрлі бағдарламаларды іске асырып, салықтық ынталандыру, тексерулерді қысқарту және несие-леудің аясын кеңейту сияқты дағдарысқа қарсы шаралар қабылдады.

Үкіметпен қабылданған қолдау шараларының арқасында облыс бойынша салықтық жеңілдіктер 51 мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектісіне қарастырылып, 9 мыңға жуық кәсіпкер әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесіндегі төлемдерден босатылды, 8 мыңға жуық кәсіпкердің несие төлемдері осы жылдың 15 маусымына дейін кейінге шегерілді.

Бұдан өзге, дағдарысқа қарсы шаралар аясында «Бизнестің жол картасы – 2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары аясында несие бойынша пайыздық мөлшерлемесі біріздендіріліп, 6 пайызға төмендетілді.

Республика бойынша «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы бойынша

несиелендіру көлемі 1 трлн теңгеге дейін ұлғайтылып, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасына қаралған 39,5 млрд теңге қаражатқа қосымша 87,6 млрд теңге қаржы бөлінді.

Төтенше жағдай кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерді қаржылай қолдау мақсатында банктерге Ұлттық банктен 600 млрд теңге қаражат бөлініп, «Шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы» іске асырылды.

Бағдарламалар аясында қарастырылған жеңілдіктер мен қаражаттар негізінде облыста шағын және орта бизнестің 600-ге жуық жобасына 15 млрд теңге көлемінде қаржылай қолдау шаралары көрсетілді.

«Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында жыл басында қаралған қаражат көлемі 1,7 млрд теңгеден 3,4 млрд теңгеге дейін ұлғайтылып, жыл басынан бері шағын және орта бизнестің 58 жобасына субсидия, 44 жобаға ішінара кепілдіктер ұсынылды.

«Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы аясында кәсіпкерлік субъектілерінің 44 жобасы 942 млн теңгемен несиелендірілді.

«Шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелендіру» бағдарламасы аясында 49 кәсіпкердің айналым құралдарын толықтыруға 4,8 млрд теңге көлемінде 8 пайызбен жеңілдетілген несиелер берілді.

Ал жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды қолдауға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлер беру үшін облысқа 3,3 млрд теңге қаржы бөлініп, бүгінде шағын және орта бизнестің 291 жобасына 1 млрд теңгеден астам несие берілді. Бағдарлама аясында бұған дейін кәсіпкерлерге берілген несиелерден қайтып келген қаражат есебінен «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы шағын кәсіпкерлік бойынша 250 млн теңгеге 77 жобаны қаржыландырды.

Айта кету қажет, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы – ауылдық елді ме-

кен кәсіпкерлерінің жобаларын жеңілдікпен несиелендіруде облыс бойынша кәсіпкерлердің арасында үлкен сұранысқа ие микроқаржы ұйымы. Оның қызметі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес 2020 жылдың 31 қазанына дейін шектелген болатын.

Бүгінгі күні, бұл мәселе облыс әкімінің тікелей атсалысуымен оң шешіліп, Орталық қызметі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды.

Бұдан бөлек, облыста Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында «бір терезе» қағидатымен бизнеске мемлекеттік қолдау шараларын және мемлекеттік қызметтерді көрсететін «Бизнеске арналған Үкімет» платформасы толығымен іске қосылды. Жыл басынан бері «Бизнеске арналған Үкіметпен» 6,5 мыңнан аса кәсіпкерге бір терезе қағидатымен қызметтер көрсетілді.

Ендігі осы платформа аясында көрсетілетін қызметтерді тиімді пайдалана отырып, мем-

лекеттік бағдарламаларды іске асыру, жаңа өндірістік бағыттағы жобаларды сүйемелдеуге алып, іске қосу міндеті тұр.

Мемлекеттің қолдау шаралары аясында облыста шағын және орта бизнестің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері қайта қалыпқа келуде.

Атап айтсақ, жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнестің саны 6,1 пайызға ұлғайып, 46 943 бірлікті құрады. Онда жұмыспен қамтылғандардың саны 90 257 адамды, өндірілген өнім көлемі 69,7 млрд теңгеге құрады.

Облыс экономикасының салалық құрылымында шағын және орта бизнес субъектілерінің үштен бірі көтерме және бөлшек саудаға тіркелген. Биылғы жылдың 6 айында бөлшек сауда көлемі 133,5 млрд теңге, ал, көтерме сауда көлемі 84,9 млрд теңге болды.

Баршамызға белгілі, облыс нарығындағы өнімдердің 90 пайызын сырттан келген, яғни экспортталған өнімдер құрайды. Бұл өңірмізде өндіріс саласының тиісті деңгейде дамымағандығын көрсетеді. Облыс нарығын отандық өніммен қамтамасыз ету мақсатында аймақ басшысымен 2023 жылға дейін облыстың экономикалық жағдайын дамыту міндеті қойылды.

Ол үшін облыс бойынша 265 жобаны іске асыруды көздейтін арнайы Жоспар қабылданды.

Оның ішінде 95 жоба Даму жоспары аясында әзірленген Жол картасына сәйкес биылғы жылы толығымен іске қосылуы тиіс. Оған мемлекеттік бағдарламалар аясында қаралған қаражаттар, сондай-ақ өзге инвестиция көздері тартылатын болады.

Бұл шаралар экономика салаларындағы жедел мәселелерді шешуге, ішкі өндіріс пен кәсіпкерлікті қолдауға мүмкіндік береді.

Фирдоуси ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы

БРИФИНГ

42500: Әлі де түсініспеушіліктер бар

Бүгінге дейін бір жолғы әлеуметтік төлемге 91 571 азамат өтініш берген. Ал шілде айына 81 633 азамат бұл көмекті алып үлгерді. Оның ішінде 36 120-сы ешқандай өтінім бермей-ақ, бұрынғы мәліметтер негізінде төлемге қол жеткізген. Әйтсе де, өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев бұл тақырыпта әлі де түсініспеушіліктер бар екенін айтты.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»

– Аудандық және қалалық штабтардың қаралуына 15 201 өтінім түсті. Оның 7 822-сі оң қорытынды алса, 6 833-нің өтінімі кері қайтарылған. Бұған бірнеше себеп бар. Бас санитарлық дәрігердің қаулысында көрсетілгендей, шектеулер 5 шілдеден басталады. Ал одан кейінгі уақытта қасалық операциялар жүргізген кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің өтінімі кері қайтарылды. Бұл мәліметтердің барлығы салық органдарының жүйелері арқылы тексеріледі. Сонымен қатар, өтінім беру барысында мәліметтердің дұрыс енгізілмеуі де көп кездесті, – дейді Т.Дүйсебаев.

Басқарма басшысы егер жұмыстан шығып кетсе, жұмыс беруші, студенттер мен бала күтіміне сәйкес үйде отырғандар өтінім бере ала ма деген сауалдарға

үзілді-кесілді қабылданбайды деп жауап берді. Сонымен қатар, жұмысшы өзі өтінім бере алмайтын жол қадап айтты. Өйткені, бұл жолғы шартта тек жұмыс беруші өтінім бере алады.

– Өтініш бір-ақ рет беріледі. Оны қайталап беруге болмайды. Бәрібір 2-ші өтініш өтпейді, бірақ, ол өз кезегінде керісінше порталдарға салмақ салуы мүмкін және басқа да азаматтардың өтініш беруіне кедергі болады. Өткен жолы осындай жолмен 18 миллион өтініш беріліп, порталдарға салмақ түскен. Сондықтан, өтінішті 1-ақ рет қалдырасыз. Сізге «Сіздің өтінішіңіз қабылданды» деп хабарлама келді, содан кейін ертесінен бастап өзінгіздің мәртебеңізді enbek.kz-тен көріп отырасыз, – делі Т.Дүйсебаев.

Қамқорлық пен мейірім – егіз ұғым

«№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қарттарға күтім жасайды, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетеді. «Дария құмсыз, қария мүңсыз болмайды» дегендей, жасы ұлғайған жандардың ішкі әлемін түсініп, олардың көпшілікпен тұрақты қатынасын қалыптастыру да – мекеме қызметкерлерінің міндеті. Бұл тұрғыда көптеген мәдени шаралар атқарылып, атаулы діни мерекелерге сай рәсімдер өткізіліп келеді. Қазіргі қарантін қағидаттарына сай мұндай шаралар сипаты өзгеріп отыр. Алайда, мекемедегі міндетті жұмыстар бір сәтке де толастаған емес.

Мекеме өз жұмысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, сондай-ақ жергілікті құзырлы орындардың нұсқаулықтары мен шешімдерін басшылыққа алады.

Осыған орай мекеме директоры Лариса Тынысқызы Қарибаева карантин режимінің сақталу мәселесін мен 2019 және 2020 жылдың алты айында атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша облыс әкімінің орынбасары Н.Байқаламовқа онлайн түріндегі бейнебайланыс арқылы есеп берді.

Мекеме басшысы 2019 жылғы орталықтың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын баияндап, қызмет алушылардың тыныс-тіршілігін жақсарту мақсатындағы 7 бағытта көрсетіліп жатқан қызмет түрлеріне жеке-жеке тоқталды.

Эпидемиологиялық кезеңге сәйкес, Covid-19 вирусының таралуына жол бермеуді көздеген орталықта карантин жарияланып, 7 бағыттың 5 бағыты бойынша қызметкерлер – еңбек демалысына, ақысыз демалысқа және қашықтықтан жұмыс жасауға жіберілген. Сонымен бірге әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық бағыттар бойынша қызметтер көрсету үшін мекеме қызметкерлері 24/7 режимде жұмыс жасауға көшірілген, 93 қызметкер қызмет алушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күшейтілген режимде жұмыс атқаруда.

Мекеме басшысы өз есебінде осы жағдайларды да атап өтті.

Мемлекет қамқорлығына бөленген қарттардың ең басты тілегі – ел тыныштығы, жарқын болашақ. Бір кезде бұл кісілер де қоғам байлығы үшін еңбек етті, бүгінгі игіліктерге үлес қосты. Олардың кейбіріннің соңынан келіп, хал-жағдайын біліп, бір ауық қолын ұстап қасында отыратын ешкімі жоқ. Сондықтан олар адамдарда мейірім азамат екен деген тілекте жүреді.

Арнаулы қызмет көрсететін мекемедегі қарттар материалдық жағынан алғанда жан-жақты қамтылған. Олардың тілегі – рухани мейірім. Қызметкерлер қанша жылылық таптықанымен туған бала мен бауырдың орнын толтыра алмайтын анық.

Адамға материалдық емес, рухани құндылықтың әсері жоғары тұрады.

Қалай болғанда да, мекеме мақсаты – тағдыр жазуымен жалғыз қалған қарияларға осы жерден жылылық сезіндіру, қиналғанда жанына сүйеу бола білу.

Ең бастысы да осы, қарияларымыз бен мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық ешқашан ортаймайды.

Айдын ЖЫЛҚЫШИЕВА,
«№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологі

Жарамсыз деп есептелсін

Қожахметов Бақытжан Жұмабайұлының атына Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланынан 2017 жылы берілген сериясы ІШК №0497 қызметкерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының ұжымы басқарманың мониторинг және талдау бөлімінің бас маманы Мереев Бауыржаның әкесі

Мерей Әбілғазы Танатарұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы «Невада-Семей» қозғалысы қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының атқарушы директоры

Мангенов Рахымжан Жұмабайұлының қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жоба
«Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5382 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 15 наурызда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 19 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы жекешелендірілетін акционерлік қоғамының акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысуындағы мемлекеттің үлесі, сондай-ақ, мүлкілік кешен ретінде заңды тұлғалар тізбесінде:

реттік нөмірі бесінші жол жана редакцияда жазылсын:

« 5. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 51 % қатысу үлесі	желтоқсан 2025 жыл	7 жыл мерзімімен кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқару
---	--------------------	--

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Ш. Тілепшевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Г. Әбілқалыкова**

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-39-01) «Өңүстік Құмкөл кенішінде 135, 138, 2014, 2043, 2108, 2109, 2124, 4024, 5012 ұңғымаларының аралық құбырларды ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-42-01) «Өңүстік Құмкөл кенішінде 1010, 2007, 2004, 2121 ұңғымаларына жүргізілген айдау құбырларын ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич 2020 жылдың 9 шілдесінде қайтыс болған азаматша Утепбергенова Жумакул Бекентаевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Бектұрғанов көшесі 70, тел.: 8 777 772 80 80.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердалиева Мира Кыстаубаевна 2020 жылдың 18 наурызында қайтыс болған азамат Рәимбек Ержан Рүстемұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі 2 Е (орталық ЦОН), тел.: 8 702 777 27 22.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрекеевич 2020 жылдың 30 маусымында қайтыс болған азамат Славов Бегалы Султаналиевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрекеевич 2020 жылдың 13 шілдесінде қайтыс болған азамат Сәдібекұлы Айжарықтың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич 2020 жылдың 29 наурызында қайтыс болған азамат Байқуатұлы Насырдиннің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Бектұрғанов көшесі 70, тел.: 8 777 772 80 80.**


«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық баспасындарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

«СЕНІМ» ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (7242) 27-76-99 нөмірлі «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефондары
1	Жолымбетов Төреахмет Сайлаубайұлы	Басқарма басшысы-Бас мемлекеттік еңбек инспекторы	Сейсенбі, сәрсенбі күндері, қабылдау сағаты 16.00-18.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301	8 (7242) 26-34-76
2	Шалбаева Тұмар Балтабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары-мемлекеттік еңбек инспекторы	Бейсенбі, жұма күндері, қабылдау сағаты 15.00-17.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301	8 (7242) 27-22-85



Қасиетті Құрбан айт

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы (бұдан әрі – ҚМДБ) жанындағы Ғұламалар кеңесінің кезекті отырысында елімізде Құрбан айт мерекесі осы жылдың 31 шілде мен 2 тамыз аралығында өтетіні белгілі болды.

ҚМДБ еліміздегі пандемиялық жағдайды басшылыққа алып, азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Құрбан айт күндерінің қалай өткізілетінін пысықтады. ҚМДБ-ның төрағасы, Бас мүфти Әтпенов Наурызбай қажы Тағанұлының Құрбан айт рәсімін өткізуге қатысты арнайы Үндеуін жариялап (24.07.2020 ж.), Құрбан айт намазы еліміздің барлық мешіттерінде оқылмай-тынын атап өтті.

Республикалық «Зекет» қорының ұйымдастыруымен еліміз бойынша онлайн түрде құрбандық шалуға өтінімдерді қабылдайтын «Qurban2020.muftay.kz» сайты әзірленді.

Осы жоба аясында құрбандық шалу шаралары қашықтан жүзеге асырылады. Ел азаматтары аталған сайт арқылы

құрбандық шалуға онлайн рәсімде тапсырыс беріп, малдың бағасын Kaspi.kz банкі арқылы онлайн түрде төлеу операциясын жүзеге асырады. Онлайн түрде құрбандық шалуға өтінім беретін жеке тұлғалардың аңқатасы (аты-жөні, тегі) және малдың атауы мен оның бағасы (қой, ешкі, сиыр, түйе) туралы мәліметтер ұсынылады.

Осы жүйе арқылы құрбандық шалған малдың суреті мен бейнестелуінің емин-еркін көріп, оны жүктеуіне толық мүмкіндігі бар.

Жоғарыда аталғандар негізінде аймақтағы барлық мешіт Құрбан айт күндері жабық болады. Сонымен бірге, құрбан шалу рәсімі онлайн түрде өткізіледі. Сондай-ақ, тұрғындарға құрбандық айт үйлерінде шалу ұсынылады.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА ИЕГЕРІ

Қарусыз майдандағы қалтқысыз қызмет

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 21 маусым – Медицина қызметкерлерінің көсібі мерекесі қарсаңында бірқатар дәрігерді наградтады. Қажырлы еңбектеріне алғыс айтып, амандық тілеп, мемлекет жан-жақты көмек беретінін жеткізді.

Осындай марапат биігінен көрінген жанның бірі – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған Қызылорда жұкпалы аурулар ауруханасы балалар бөлімінің балалар инфекционист-дәрігері Збира Айдарбекова. Өз мамандығын сүйетін жан үшін атақ та, байлық та, мансап та маңызды емес. Олар үшін ең бастысы – адам денсаулығы. Алдына келген науқастың жанына жылу сыйлап, ертеңіне үміт берсе, олар үшін зор қуаныш. Міне, Збира Айдарбекова – білімі мен тәжірибесін жүрек жылуымен ұштастыра білген абай жан.

Ол Қазалы ауданында дүниеге келген. Дәрігер болсам деген арман жетегінде Ақтөбе медициналық институтына «Педиатрия» дәрігер мамандығы бойынша оқуға түсіп, тәмамдайды. Кейін Сәкен Ибраевтен отбасын құрып, ұлқыз сүйіп, ұлын уяға, қызын қияға қоядырды.

Кейіпкеріміз – бірінші санатты педиатр, жоғары санатты инфекционист-дәрігер. Оның осы біліктілігі қазіргідей пандемия жағдайында көп септігін тигізгі келеді. «Сұлулық – саулықта» деген сөз бар емес пе?! Катерлі індет алқымнан алғанда өмірдегі ең маңызды дүние – денсаулық екенін көп адам ұғынғандай. Дем жетпей қиналған науқас тек дәрігердің біліктілігіне ғана үміт артады,

сенеді. Ал дәрігерге сол сенімнен шығу – ең басты міндет. Жағдай белгілі, қазір ауруханаға түсетін науқас саны тым көп кез. Тіпті қабылдап үлгірмей жататын, кезекшіліктен шаршап-шалдығып шығатын уақыт. Одан кейінгі анализ қабылдау, талдау жасау, ем тағайындау секілді бітпейтін процестің арасында жүріп кейіпкеріміз өзін де ұмытып кетіп жатады. Отбасынан оқшау жүріп жұмыс істеу қандай қиын?! Әсіресе әйел адам үшін бұл – қиынның қиыны. Немеренің тәтті иісі, шаңырақтың шаттық жылуы, дастархан басындағы әңгіме-дүкен, бәрі-бәрін айырбастау шынында да шаршатады. Алайда артылған сенім бар, жүктелген жауапкершілік бар. Міне, осы міндеттер оны жігерлендіреді түседі.

Айта кету керек, Збираның жары Сәкен Ибраев та осы саланың маманы. Отыз жылдан аса дәрігерлік қызметке келе жатқан ол соның 27 жылын облыстық полиция департаментінің медицина қызметі саласына арнаған. Ол – «Жоғары санаттағы дәрігер», Медицина ғылымдарының кандидаты және полиция полковнигі. Елімізде төтенше жағдай жарияланғанда қауіпті індетке қарсы күресте жанын салып



еңбек еткен жанның бірі. Блокбектерде күндіз-түні кезекшілікте тұрған қызметкерлердің қауіпсіздігін бақылау Сәкеннің мойнында болды. Ел басына түскен қиындықты жан-тәнімен түйсінгендіктен әрі осы саланың шебері болғандықтан, жары Збираның қызмет жолындағы қиындықтарын ұғынады, түсінеді. Мамандыққа адалдықтан айнымау қажеттігі қос дәрігердің кеудесінде сайрап тұр. Сонымен бірге қос дәрігердің Ақерке атты қызы да С.Асфендияров атындағы Алматы медицина университетін тәмамдап, Алматы қаласының №12 емханасында дәрігер-эпидемиолог болып қызмет етуде. Бір саланы таңдаған бұл отбасы мүшелерінің өлшеусіз ісіне елдің алғыстан өзге айтары жоқ.

Света АРТЫҚБАЙҚЫЗЫ

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАҢҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста - ағзаның ресурстары өлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұын аурулары ерекше қауіп төндіріп, белең ала бастайды.



Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сыпаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындауымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің сеуіміне әкеледі. Ең әуелі бұл асқынбалы ауру екендігін ұғы керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманының көмегіне дер кезінде жүгіңіз, сауығың кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тіндерін қалпына келтіріп, қабыну процесстерін жеңілдетіп, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артрорезерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрорезерв» буындардағы қолайсыздықты және ауырсынуды жоюды, қарапайым процессін бастады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлаушы материал - синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің иілгіштігін және көлемін қалыпқа түсіреді. «Артрорезерв» ағзаның сүйек-

бұлшықет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, бұлшықетталшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды. Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, курсты қабылдағандан кейін, буындардың қозғалыштығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады. «Артрорезерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданды.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД -ның кез-келген жеріне күрделі жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құраушылар кірмейді. **Мөлшері және қолдану тәсілі:** қабылдау уақытына 1 айдан бастап. **Қарсы көрсеткіштері:** жеке құраушылардың сәйкес келмеуі, жүреккіл, бала емес.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! АРТРОРЕЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



Біз дәрігеріңіз бен бағамды бағалаймыз
СІР № RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрылымы бойынша көптеген еркектер ертелі ме, кеші пе созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады. Бұл екі дерт әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ екеуі де ағзада бір-біріне ұқсас белгілерді береді, ол зәр шығарудың бұзылуы, жайсыздық және әртүрлі ауырталшылық және де жыныстық қызметтің бұзылуы.

Оның қандай себептен болатынын талқыласқ,

Созылмалы простатитті кіші жамбас аймағындағы тоқырау құбылыстары әсерінен кез-келген жаста пайда болуы мүмкін, оған өз қозғалымы өмір салты, салқындатып алу, зиянды әдеттер және т.б. себеп болады. Қобынған простата безі көлемін арттырып, уретралды және ұрық жолдарын қысады осының нәтижесінде зәр шығару бұзылып, ауру сезімдері, эректильді өзгерістер пайда болады.

Простата аденомасы, бұл дерт көбінесе 50 жастан асқан еркектерде кездеседі.

Қуық асты безінің қатерлісі ісігі гормоналды фонның бұзылуынан және тестостерон (негізгі еркектік гормон) гормоны бөлінуінің азаюынан түзіледі.

Мұнда да ісінген қуық асты безі простатиттегі сияқты уретралды және ұрық жолдарын жабыды, осыдан зәр шығарудың бұзылыс пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады. Ал тестостеронның төмен деңгейі, еркектік қабілеттіліктің нашарлапатады.

Өз кезегінде, егер зәр шығару бұзылса, қалдық зәр – зәр шығару жүйесіндегі басқа органдарда жаңадан қабыну процесстерін туындатады.

Көбінесе егде жастағы еркектерде, простатит және простата аденомасы симптомдары ұқсас немесе симптомсыз бірдей жүреді, көпшілік бұл екі дертті біреу деп қабылдап, өз жағдайының қауіптілігін түсінбейді. Дертпен әлсіреген органдарда бас радиқалдар саны артып, ол қатерлі ісікке дейін апаруы мүмкін.

Ұлыбританиялық ғалымдар тарапынан жасалған коллоидтық ерітінді «Мастер Мен» америкалық коллоидты AD «Medicine Limited» зауытында шығарылады. «Мастер Мен» қуық асты

безі мен зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қалыпқа келтіреді. Препарат қуық асты безіндегі, неспеп қалпағы және уретралды қаналдағы қабынуды бастады. Зәр шығарудың ауырлапатады, неспеп қалпақтың ісемділігін арттырады, сондай-ақ гормондардың фонды ауырлапатады, еркектік гормондардың бөлінуі қалыпқа келгенде, эрекция жақсарып және де аденоманың өсуі тежеледі.

«Мастер Мен» еуропалық стандарт GMP тарапынан расталған, отандық және халықаралық сертификаттандырылған және әлемнің ең үздік мамандарымен ұсынылған.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құраушылар кірмейді.

Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытына 3 аптадан бастап.

Қарсы көрсеткіштері: жеке құраушылардың сәйкес келмеуі, ұйқысыздық, жүйкелік қозудың артуы.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорабына тапсырыс бергенде -20 % жеңілдік, ал 4 қорабына -40 % жеңілдік жүруде.

-40%

Науқан бойынша тауарлар саны шектеулі. Қазақстанның кез келген нүктесіне жеткізу бір күн ішінде.



Біз дәрігеріңіз бен бағамды бағалаймыз

«Мастер Мен» жөніндегі толығырақ ақпаратты алу мен тапсырыс беру үшін 8 705 926 18 00 (көп арналы) телефон нөмірінен немесе master-man.kz сайтынан ала аласыз.

ІЗГІЛІК

Қасиетті Қармақшы топырағында «Тұрмағамбет» ЖШС озық шаруашылықтар қатарында. Серіктестік директоры Нұржан Пірмантаев елдегі қауіпті індеттен күресте едәуір көмегін тигізді. Ол ауылдық емхананың дәрі-дәрмегіне шаруашылық есебінен 1 млн теңге қаражат бөлді. Одан бөлек, аудандық ауруханаға да қаржылай қолдау көрсету жоспарда тұр.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

«Елге көмектеспесек, несіне ат үстінде жүрміз?!»

– Елде тыныштық болғанын қалаймыз. Жақын-жуығынан кім айырылғысы келеді дейсін?! Бір жағынан шалғай елді мекенде тұрамыз. Қажетті дәрі-дәрмек бізге келем дегенше өзіміз де қол қусырып отырмай беріп жатқан жәрдемсіз. Оның үстіне, елге көмектеспесек, несіне аттың үстінде жүреміз? Әрбір азамат кіндік қаны тамған туған жерінен аянып қалмауы керек, – дейді Нұржан Пірмантаев.

Тұрмағамбеттіктер пандемия кезінде ауызбіршілігін көрсетті. Астана, Алматы, Тараз секілді Қазақстанның ірі қалаларына қоныс аударған ауыл тұлғалары де жиналып, елге көмегін аянып қалмады. Ауыл азаматтары да қосылып, еріктілер жасағы ретінде қолғабыс етуде. Шаруашылық төрағасы өз атынан бір мал құрбандыққа шалды.

Нұржан Айдарбекұлының бастамасымен ауылды аба-тандыру жұмыстары қарқын

алған. Іскер азамат бүгінде серіктестіктегі жұмыс ауқымын арттырып, кезінде қалаға көшіп кеткендерді де елге тартты. Еңбектің нанының тәтті болатынын еске салды.

Туған жеріндегі әлеуметтік нысандардың мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынуына атсалысты. Бүгінде шаруашылықтың қоғамдық моңшасы халық игілігіне жұмыс істеп тұр. Ал бірер жыл бұрын ашылған балабақша балғындарды тәрбиелеу жолында игі қадамдарға барды. Елді мекендегі мал ұстап, сиыр сауатын жанлар шаруашылық ашқан сүт өңдеу цехына шикізат өткізіп отыр. Бүгінде оның қолдауымен «Қазпошта» фирмарты да заманауи үлгіде қайта салынууда. Серіктестік жұмысшыларын ынталандырып, еңбегінің өлшеміне қарай сыйақы беруді дәстүрге айналдырған. Бұл – Нұржан Пірмантаев қол алған игі бастамалардың бір бөлігі ғана.

Мейірбандылық – жүректен

«Қайырымдылық жасаң, қайырын өзің көресің» дейді қазақ халқы. Қайырымдылық – адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Ол – ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі.

Қазіргі таңда Талсуат ауылдық округінде орналасқан «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығында» түрлі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялары өткізіліп, жұмыстар жүргізілуде.

Жыл басынан бері атаулы мерекелерде «Ел-Арай» қоғамдық қоры балаларды құттықтады. Сонымен қатар қаламыздағы Назарбаев Зияткерлік мектебі «Адамгершілік – асыл қасиет!» қайырымдылық шарасын ұйымдастырып, әлеуметтік-тұрмыстық кабинетіне асхана жиһазын тарту етті. Бұған қоса, Биылғы Наурыз мерекесіне орай күндізгі бөлімшеде «Дәулет Азия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен жабдықталған «Ұсақ-қол моторикасы» кабинеті ашылды. «Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай өткізілген «Сәби-дің күлкісі – әлемнің сыңғыры» атты шарада «Қазақстан Халық банк» облыстық филиалының қызметкерлері және «Дәулет Азия» ЖШС құрылтайшысы Талғат Сәбитұлы бастаған еріктілер балаларды құттықтап, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ал «Мектепке жол» акциясы аясында «Хикмет» қайырымдылық қоры қызмет алушыларға оқуға қажетті құрал-жабдықтар тарту етті.

«Жомарт» қайырымдылық қоры еріктілер тобындағы

Алла Пак отбасымен бірге қызмет алушыларға жұмсақ ойыншықтар мен балалар шығармашылығын дамытуға арналған «Эбру» жиынтықтарын сыйға тартты.

Балалардың жаз айларында жасасы демалып, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Нұр» мешітінің еріктілері қаламыздағы «Atai City Mall» ойын-сауық орталығына қызмет алушыларға кинолар мен мультфильмдерді көрсетіп, Белкөл кентінде орналасқан «Абай» тынығу орталығына демалыс ұйымдастырды. Сондай-ақ, «Жомарт» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ата бол да, мейірім сыйла!» қайырымдылық шарасы аясында №101, №3 мектептің еріктілері және «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамының демеушілігімен орталық балаларына тәттілерден сыйлықтар таратты.

Жақсылық жасау – имандылықтың, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсен де балаға бер, бала үшін жаса» деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық қоғамдарының іс-тәжірибелерімен жалғасып келеді.

Әйгерім ШАЛБАЕВА, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы

Газетіміздің келесі саны 31 шілде, жұма күні шығады.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.